

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
СТОМАТОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



У.Татыкаева

2026 ж.

Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жарты жылдық
ЕСЕБІ
2025-2026 оқу жылы

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет
кеңесінің

№5 «16» 01 2026 ж мәжілісінде мақұлданды.

Түркістан-2026

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы құрамы

Катысқандар: Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, А.Егизова, ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары П.Тасенова, СМЖ жауапты Файзиева С.А., ОӘК төрайымы Анарбаева Г.Н., «Фундаментальды медициналық ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі-Г.Қ.Айболова, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының меңгерушісі - Э.Ж.Тулешова, «Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының меңгерушісі – Қожамбекова Э.А

Факультет кафедраларында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі төмендегі кестеде берілген.

Стоматология факультетінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	ББ тобының коды	Білім беру бағдарлама-ларының топтарының атауы	Білім беру бағдарлам асының коды	Білім беру бағдарлама-ларының атауы
1	6В10-Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз-дандыру (медицина)	6В10-Денсаулық сақтау	В087	Стоматоло-гия	6В10156	Стоматоло-гия
2.	6В10-Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз-дандыру (медицина)	6В10-Денсаулық сақтау	В087	Стоматоло-гия	6В10189	Стоматоло-гия

1. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР БҒМ Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2025-2026 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуі қадағаланды. 2025-2026 оқу жылында дайындалған білім беру бағдарламалары Академиялық комитет шешімімен 01.09.2025 жылғы мәжілісінде қаралып, Сенат мәжілісімен бекітілген. Жаңа 2025-2026 оқу жылына білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының академиялық және басқару персоналының әлеуетін арттыру негізінде әзірленді.

ББ атауы	Кәсіби стандарт атауы	ББ мәртебесі (жаңартылған /жаңа /инновациялық)	ББ жасауға қатысқан серіктес мекеме
6B10189 - Стоматология	«Стоматологиялық қызмет» кәсіби стандарты («Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, №285, 22.10.2018 ж.).	жаңартылған	1. Санитас емдеу-сауықтыру мекеме 2. Акмарал ауруханасы 3. Ырыс Дент стоматологиясы 4. Клиникалық диагностикалық орталық

6B10189 - Стоматология білім беру бағдарламасы: «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (04.07.2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

Өмір бойы білім алуға арналған еуропалық біліктілік шеңбері (EQF). Еуропалық Комиссия, 2008 ж

Ұлттық біліктілік шеңбері. Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №569 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары».

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы №634 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі».

- "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына өзгеріс енгізілу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № ҚР ДСМ-12/2020 бұйрығы.

- «Стоматологиялық қызмет» кәсіби стандарты («Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, №285, 22.10.2018ж.). – осы нормативтік құқықтық құжаттар негізінде жасалды.

- БББ-ға тиісті кредиттер көлемі бар ЖБП-ның міндетті компоненттері, оның ішінде әлеуметтік-саяси білім модулі енгізілді. ЖОО компонентінің және (немесе) таңдау компонентінің тізбесіне еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің үміттерін және білім алушының жеке мүдделерін ескеретін және күзiреттерді игеруге бағытталған пәндер енгізілген.

Бағдарламаның жаңарту көрсеткіші 100% құрады.

2025-2026 оқу жылына арналып дайындалған білім беру бағдарламасының жаңартылуы

№	ББ атауы	ББ пән саны	Жаңартылғаны	Жаңартылу көрсеткіші %
1.	6B10189 - Стоматология	51	100	100
2.	6B10156 - Стоматология	11	100	100

2. Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру туралы.

2025-2026 оқу жылындағы факультеттегі білім беру бағдарламасының аккредиттелуі туралы мәлімет:

№	ББ атауы	Аккредиттеу органының атауы, сертификаттың қолданылу мерзімі (бастап- дейін)	ЖОО-ның аккредиттелуі туралы ақпаратты қамтитын аккредиттеу органының сайтына сілтеме
1.	6B10156 - Стоматология	24.05.2025- 23.05.2030	www.eqar.eu
2.	6B10189 - Стоматология	24.05.2025- 23.05.2030	www.enqa.eu

3. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 3 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері қадағаланды. Стоматология факультетінің барлық оқытушылары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізетін пәндері бойынша біліктіліктерін жетілдірген, бейіндік кафедра оқытушылары стоматологияның өзекті инновациялық мәселелері бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткен және маман сертификаттары бар.

4. <https://platonus.ayu.edu.kz> сайтында ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгені тексерілді.

ББ пәндері бойынша <https://platonus.ayu.edu.kz>- базасына контенттердің толық және сапалы жүктелгені тексерілді. Жалпы оқу материалдары лекция, практикалық сабақ, аралық бақылау, тест, тағы басқадан тұрады. Оқытушы барлық тапсырмалардың орындалуын қадағалауы, және курс мерзімдеріне тиісті бағалауы міндетті. Оқытушы қажетті жағдайларда курсқа өзгерістер енгізуі мүмкін. Аралық бақылау 7-ші және 15-ші апталарда ағымдық бағаның жиынтығы мен білімгердің өзіндік жұмысының қорытындысынан шығарылады.

2025-2026 оқу жылының күзгі семестрінде өтілетін пәндердің оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендері жаз айларында дайындалып, оқу үдерісін ұйымдастыруға дайындық жұмыстары жүргізілді. Білім беру процесі оқытудың жаңа технологиясы – <https://platonus.ayu.edu.kz> сайты бойынша оқу жоспарына сай жүзеге асырылды. Пәндердің

электронды оқу-әдістемелік кешендері (силлабус, лекция тезистері, иллюстративтік және таратылым материалдары, семинар (практикалық), лабораториялық сабақтардың жоспары мен әдістемелік нұсқаулары және т.б.) [ayu.portal](http://ayu.portal.kz) сайттарына жүктеліп, сабақ кестесіне сай жүзеге асырылды. Білім беру қорларына (ресурстарына) қол жетімділік орнатылған. Білім алушылар және оқытушылар университеттің кітапханасына сайт арқылы кіріп, пайдалана алады.

5. ББ пәндерін жүргізетін профессор-оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігі қадағаланды.

6. ББ пәндерінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі қадағаланды (1- қосымша «Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер»)

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 1- қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер бойынша, цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (1-қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 1- қосымшаға енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиетте <https://elib.kz/>, <http://rmebrk.kz/>, https://kcl.elib.kz/ru/search/read_book/62/,

электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша жаратылыстану факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде.

8. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасалды.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Факультеттің ПОҚ сабақ өту барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолданылуына байланысты, студенттердің үлгерімі артатыны белгілі. 2025-2026 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПҚ үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалды. Факультет деңгейінде әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Семинар мақсаты қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістер мен технологияларын қашықтан оқыту жүйесіне енгізу болды.

9. <https://platonus.ayu.edu.kz> сайты қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігі бақыланды.

Әр аптада <https://platonus.ayu.edu.kz> сайтында профессор-оқытушы құрамы жүктелген пәндерден практикалық, зертханалық жұмыстар бойынша студенттердің білімдерін бағалап отырады. Кафедра отырысында бақылау материалдары (билеттер, тапсырмалар, кейстер) бекітіліп, ОПҚ <https://platonus.ayu.edu.kz> сайты жүйесіне орналастырады.

10. Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретіні анықталды.

ҚР ҒжЖБМ №4 бұйрықтың 4-қосымшасы «Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер»

Аудиторияларда сабақ өткізу кезінде әлеуметтік қашықтықты (2 м) сақтау ескеріледі.

- Барлық оқу аудиторияларында, кабинеттерде күн сайын сабақ басталғанға дейін кестеге сәйкес, сондай-ақ ауысымдар арасында желдету және ылғалды жинау жүргізу, бұл ретте есіктердің тұткалары, үстелдер, парталар, терезе алды тактайлары дезинфекциялау және жуу құралдарымен сүртіледі.

- Оқу аудиторияларын әрбір 4 сағат сайын бактерицидті шамды 15 минутқа қосу және кейіннен желдету арқылы өңдеу.

11. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қадағаланды.

Оқу және өндірістік, практикалары туралы (практиканың ұйымдастырылуы және өткізілуі, өндірістік практикадан өту базалары ретінде ірі кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынас орнату, ББ-на ірі бірнеше негізгі кәсіптік практика базаларының тізімін бекіту, практика бағдарламасы, мақсаттары мен міндеттері мәселелеріндегі сәйкестік пен үйлесімділік, жұмыс жоспар-кестесі және күнделіктерді толтыру, студенттердің есептерінің практика бағдарламасына сәйкестігі, практика түрлеріне сәйкес практикаға барар алдындағы ұйымдастыру, практика соңындағы жабылу және қорытындылау конференциясының хаттамалары, білім алушылар мен жетекшілерінің есептері, практиканы ұйымдастыруда жетілдіру бойынша ұсыныстары) қаралды.

12. ББ 2025-2026 оқу жарты жылының еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесі жоспарланды.

Стоматология факультетіне қарасты білім беру бағдарламалар жылда НПП Атамекен және НААР аккредиттеу агенттігінің рейтингтеріне қатысып тұрады.

13. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуі, аттестаттау нәтижелеріне талдау жүргізілді.

14. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылды.

Білім беру қызметінің сапасын жақсарту мақсатында университет Академиялық комитет тарапынан «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнама он-лайн режимде жүргізілді. Сауалнама сұрақтары Академиялық комитетте білім беру қызметінің сапасын жақсарту мақсатында жыл сайын талқыланып, жетілдіріліп тұрады.

2025-2026 оқу жылы күзгі семестрде нәтижесі бойынша білімгерлердің қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында «Оқытушы студент көзімен» сауалнама жүргізілді.

15. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізілді.

Білім алушылары мен оқытушы профессор құрамы академиялық адалдық қағидаларымен түгел танысты.

Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі
комиссияның төрайымы



Файзиева С.А